Бекітілді:
№35 «Балақай» бөбекжай – бақшасының
меңгерушісі м.у.а: А.С.Ершуакова
№1 педагогикалық кеңес шешімі
31.08.2021ж

**«Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салалары бойынша**
**«Күншуақ» ортаңғы тобының балаларына жасақталған**

# ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР

**2021-2022 оқу жылы**

Бекітілді:
№35 «Балақай» бөбекжай – бақшасының
меңгерушi м.у.а: ______ А.С.Ершуакова
№1 педагогикалық кеңес шешімі
31.08.2021ж

**Ортаңғы топ бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің өтпелі тақырыптарының тізімі 2021-2022 оқу жылы**

| № | Айлар | Тақырыптар | Апталық тақырыптар |
|---|---|---|---|
| 1 | Қыркүйек | Балабақша | 1. Менің балабақшам<br>2. Дұрыс тамақтану.Менің достарым<br>3. Менің сүйікті ойыншықтарым<br>4. Жиһаздар |
| 2 | Қазан | Менің отбасым | 1.Менің отбасым, ата-аналар еңбегі<br>2. Менің көмекшім<br>3. Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік<br>4. Алтын күз |
| 3 | Қараша | «Дені саудың жаны сау» | 1. Өзім туралы<br>2. Дұрыс тамақтану. Дәрумендер<br>3. Өзіңе және өзгелерге көмектес<br>4. Біз күштіміз, ептіміз |
| 4 | Желтоқсан | Менің Қазақстаным | 1. Тарихқа саяхат<br>2. Туған өлкем<br>3. Нұр-Сұлтан – Отанымыздың жүрегі<br>4. Тәуелсіз Қазақстан (ҚР Тұңғыш Президенті, мемлекеттік рәміздер) |
| 5 | Қаңтар | Табиғат әлемі | 1. Айналамыздағы өсімдіктер<br>2. Жануарлар әлемі<br>3. Құстар – біздің досымыз<br>4. Ғажайып қыс |
| 6 | Ақпан | «Бізді қоршаған әлем» | 1. Ғажайыптар әлемі (өлі табиғат құбылыстары).<br>2. Көліктер<br>3. Электроника әлемі<br>4. Мамандықтың бәрі жақсы |
| 7 | Наурыз | Салттар мен Фольклорлар | 1. Қазақстан халықының салттары мен дәстүрлері<br>2. Ертегілер елінде. Театр әлемі<br>3. Өнер көзі халықта<br>4. Нұр төккен, гүл көктем |
| 8 | Сәуір | «Біз еңбекқор баламыз» | 1.Аялайық гүлдерді<br>2.Ас атасы - нан<br>3. Жәндіктер мен қосмекенділер әлемі<br>4. Еңбек бәрін жеңбек |
| 9 | Мамыр | «Әрқашан күн сөнбесін!» | 1.Достық –біздің тірегіміз (халықтар достығы)<br>2.Отан қорғаушылар (ҚР әскері, Ұлы Отан соғысының ардагерлері)<br>3. Көңілді жаз<br>4. Мен жасай аламын |

**ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР**

**Өтпелі тақырып «Балабақша».**

**Ортаңғы топ 2021-2022 оқу жылы қыркүйек айы**

**Мақсаты:**балаларды көпшілік ортаға бейімдеу.Балабақшамен, өз топтарымен, ондағы орталықтармен(бұрыштар) таныстыру. Өз топтарын бағдарлай білуге үйрету. Балабақша қызметкерлерімен таныстыру,үлкендерді сыйлауға, үш тілде амандасуға , балаларды ойыншықтарды күтіп ұстауға, өзара достық қарым-қатынасқа ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.

| Апта | Апта тақырыбы | Денсаулық-3<br>Дене шынықтыру-3 | Қатынас-2<br>Сөйлеуді дамыту-1<br>Орыс тілі-0,5<br>Көркем әдебиет -0,5 | Таным- 2,5<br>Математика негіздері-1<br>Жаратылыстану-1<br>Құрастыру-0,5 | Шығармашылық-3<br>Сурет салу-1<br>Музыка-1,5<br>Жапсыру-0,25<br>Мүсіндеу-0,25 | Әлеумет-0,5<br>Қоршаған ортамен танысу-0,5 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **I** | **«Менің балабақшам»** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:« Дене шынықтыру залымен таныстыру»**<br>**Мақсаты**:Балаларға балабақша туралы түсінік беру. Меңгерген іскерлік, ептілік дағдыларды үйрету; шағын топпен тұру,нұсқаушының соңынан жүру жүгіру.Тура жолмен жүруге үйрету. Орында тұрып қос аяқпен секіруге үйрету. Шағын топпен жүру, жүгіру кезінде қолды еркін қалыпта ұстап жүруге жаттықтыру.<br>**Қимыл- қозғалыс ойыны:**<br>«Маған қарай жүгіріндер»<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Дене шынықтыру залында ойнаймыз»**<br>Тура жолмен жүруге үйрету. Орында тұрып қос аяқпен секіруге үйрету. Шағын топпен жүру, жүгіру кезінде қолды еркін қалыпта ұстап жүруге жаттықтыру. Нұсқаушының тапсырмасын тыңдау,орындау,белгі бойынша тоқтау дағдылары.<br>**Қимыл- қозғалыс ойыны:** | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырып: «Қане, танысайық»**<br>**Мақсаты:**Балабақша алғашқы күнімен танысу, бейімделу күні болып есептеледі. Балалардың жаңа ортаға тез бейімделіп кетуі үшін тобындағы өздері секілді бүлдіршіндермен таныстырады, аттарын айтады.Балабақшаның әр бөлмесіне, демалыс бөлмесі, сахна, ойын бөлмесі т. б «саяхат» жасайды.Жеке бастың тазалығы жайлы мәліметтер береді. Баланың зеректігін, ойлау қабілетін дамыту. Ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br>**Орыс тілі**.<br>**Тема: «Моя группа (мой детский сад)»**<br>**Мақсаты:** Прожолжать знакомить детей с детским садом, ввести в словарь новые слова. Рассказать о работниках детского сада. Воспитывать уважение к старшим, к труду работников детского сада.<br><br>**Көркем әдебиет** | **Математика негіздері №1.**<br>**Мақсаты:**<br>**«Көп» және «бір» ұғымдарын таныстыру.** Балаларды жеке затты заттар тобынан бөліп алуға жеке заттардан топ құрастыруға үйрету. Танымдылық қызығушылығын арттыру және есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:«Терезе алдында не өсіп тұр?»**<br>**Мақсаты:**Топ бөлмесіндегі табиғат бұрышымен таныстыру. Оның қажеттілігі туралы білім беру.Олардың өсуіне қажетті шарттар туралы білімді жүйелеу.Күтім жасауға тәрбиелеу.<br>**Құрастыру: «Біздің орындық»**<br>**Мақсаты:** Құрылыс материал түрлерімен таныстыру. Іріжәне ұсақ құрылыс бөлшектерінен құрастыруға үйрету. Ұсақ қол моторикасын дамыту. | **Сурет салу.**<br>**Тақырып: «Түзу сызықтар»(қарандаш).**<br>**Мақсаты:** Балаларды қағаз түрлерімен және түрлі түсті қарандаштармен таныстыруды жалғастыру. Қағаздың оң жағынан сол жағына қарай түзу сызықтар сызуға үйрету. Шығармашылық қабілеттерін дамыту, түзу сызықтар сызуға үйрету. Ұқыптылық пен тазалыққа тәрбиелеу.<br>**Музыка**.<br>**Тақырыбы: «Менің балабақшам»**<br>1.Музыкалық шығарманы тыңдау, әннің сөзін анық,дұрыс айтуға талпындыру,оқуға деген ынта –ықыласын, қызығушылығын қалыптастыру.<br>Ән тыңдау: «Балабақша» (И Нүсіпбаев)<br>Ән айту: «Бақшаға келемін» (Ө. Байділдаев)<br>Музыкалық ырғақты қимыл: «Қуыршақ» биі<br><br>**Жапсыру.** | **Қоршаған ортамен танысу.**<br>**Тақырып: «Қонаққа қуыршақ Сәуле келді».**<br>**Мақсаты:** Мәдени-гигиеналық дағдылардықалыптастыруды жалғастыру. Көркемсөз, ойын арқылы балалардың сөздік қорын байыту.Балалардың өзіне өзі күту дағдыларын қалыптастыра отырып, тазалыққа тәрбиелеу. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | «Ақ доп,қызыл доп»<br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Денсаулық бекетіне саяхат »**<br>Балабақшаның екінші ортақ үйіміз екенің терең меңгерту. Тепе -тендікті сақтай отырып, екі сызықтың арасымен жүруді үйрету,шағын топпен жүруге және жүгіруге дағдыландыру,бірлескен әрекет кезінде жолдастарымен жақсы қарым қатынаста болуға тәрбиелеу; жаттығулар жасауға деген қызығушылықтарын арттыру.<br>**Қимыл- қозғалыс ойыны:**<br>«Поезд» | **Тақырыбы: Е.Ашықбаевтың** « Балабақша» өлеңі<br>Мақсаты: Балабақша туралы түсініктерін кеңейту, өлеңнін мазмұнын түсінуге, тыңдауға бейнелі сөздерді есте сақтауға, үйрету. | | **Тақырып:** « Сүлгіні әшекейлейміз»<br>**Мақсаты:** Сүлгіге әдемі өрнек жасауды үйрету және жапсыру дағдылары мен ептілікті дамыту. Желімді оңнан солға қарай қылқаламмен жағу арқылы жапсыруды үйрету.Ұқыптылыққа, тазалыққа үйрету. Ұсақ қол қимылдарын дамыту. | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **II** | **«Менің достарым»** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Ойыншық толы сандық»**<br>**Мақсаты:** Заттық әлемге саяхат жасау арқылы заттық түсініктерін кеңейту. Қос аяқпен секіру( аяқ бірге - аяқ алшақ); бір біріне допты домалатуды үйрету.Ирелең жолмен жүруге , қос аяқпен секіру (аяқ бірге - аяқ алшақ) дағдыларын бекіту.Музыканың басталуын сезіне,музыкаға сәйкес жүруге баулу.<br>**Қимыл- қозғалыс ойыны:**<br>« Доғадан допты өткізу»<br>**2.Дене шынықтыру.**<br>**Тақырыбы:« Доппен танысамыз »**<br>Шағын топпен бір- біріне кедергі жасамай жүгіру,саптан шықпай, бағытты сақтай жүру,аяқты тізеден сәл бүгіп секіріп, аяқты алшақ,бірге ұстау дағдыларын бекіту.<br>Музыканың басталуын сезіне,музыкаға сәйкес жүруге баулу.<br>**Қимыл- қозғалыс ойыны:**<br>«Допты қағып ал»<br>**3.Дене шынықтыру.** | **Сөйлеуді дамыту.**<br>**Тақырып:** «Екі дос пен аю» ертегі<br>**Мақсаты:** балаларға дос, достық туралы түсінік беру. Достары туралы әңгімелету. Байланыстырып сөйлеуге үйрету.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырып:** «Достар»(жаттау)<br>**Мақсаты:** балалардың дос туралы түсініктерін қалыптастыру. Өлеңді мұқият тыңдап, не туралы айтылғанын ұғындыру. Өлеңді жаттату. Достарын жақсы көруге тәрбиелеу.<br>Достар бірге жүреміз.<br>Бірге ойнап күлеміз.. | **Математика негіздері №2.**<br>**Мақсаты:** «Таңертең» тәулік мезгілі туралы түсінік беру. Көрнекі әрекеттік және сөздік нұсқауларын қабылдауға, оны қайталауға ынталы болуға тәрбиелеу<br><br>**Жаратылыстану**.<br>**Тақырып:** «Менің жасыл достарым»<br>**Мақсаты:** Балаларды тек адам емес, табиғатпен де дос болуға болатыны туралы түсінік беру.Бөлмедегі жасыл достарымен таныстыру. Оларды күтіп баптауға тәрбиелеу.<br><br>**Құрастыру** | **Сурет салу.**<br>**Тақырып: «**Досыма гүл сыйлаймын.»<br>**Мақсаты:** Балаларды бөлме гүлінің суретін сала б білуге үйрету. Ұсақ қол моторикасын дамыту. Ұқыптылыққа, тазалыққа тәриелеу.<br><br>**Музыка**<br><br>Балаларға дұрыс тамақтану, туралы, достар туралы әңгімелеу музыканы,<br>есте сақтауға, әнді сергек, ширақ, әндете, айтуға үйрету<br>Ән тыңдау:«Достық»<br>(И Нүсіпбаев)<br>Ән тыңдау : «Балабақша әні»<br>(ЕХасанғалиев) (А .Асылбек)<br>Музыкалық ырғақты қимыл: «Сылдырмақ пен билейміз»<br><br>Допқа кім | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **Тақырыбы:«Менің көңілді добым»**<br>Балаларға заттық әлем туралы түсініктерін бекіту. Балаларды шағын топпен жүруге және жүгіруге үйрету; салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу; екі аяқпен бір орында тұрып секіру дағдыларын, ұсақ қол қимылдарын жетілдіру.<br>**Қимыл- қозғалыс ойыны:**<br>«Маған қарай жүгіріңдер!» | | **Тақырып:** «Досымның үйі» (таяқшалардан)<br>**Мақсаты:**таяқшалардан үйді құрастыруды үйрету. Дос туралы түсініктерін жетілдіру. Ұсақ қол моторикасын жетілдіру.<br>Балаларды қызығушылыққа тәрбиелеу. | тез жетеді?»<br><br>**Жапсыру**<br>**«Досыма кесе силаймын»**<br>**Мақсаты:**үлгіге қарап дайын пішіндерді қою арқылы заттың бейнесін жасауға үйрету желімді қылқаламға ұқыпты жағу дағдыларын дамыту.<br>**Дидактикалық о; «Қиындыдан құрастыру»** | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **III** | **«Менің сүйікті ойыншықтарым »** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: « Алма бағы»**<br>Күз мезгілі туралы балалардың түсініктерін кеңейту. Қос аяғымен бір мезгілде екпінмен серпіліс жасай дағдыларын бекіту. Жаттығулар орындау кезінде тынысты тоқтатпау дағдыларын қалыптастыру. Музыка ырғағыны сайкес қимылды жай шапшан, ырғақты орындау қаблетін дамыту.<br>**Қимыл- қозғалыс ойыны:**<br>«Өз үйінді тап!»<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:« «Күзгі жаңбыр »**<br>Ойын арқылы балаларға күз мезгілінің құбылыстарымен таныстыру. Бір қатармен сапқа тұруды үйрету,дене шынықтырумен үзбей шұғылдануға тәрбиелеу; арқаннан аттап, ауыспалы қадаммен жүру, шашырай жүгіру, допты арқаннан асырып лақтыру, қолдарын еденге тигізбей, арқан астынан өту дағдыларын дамыту.<br>**Қимыл- қозғалыс ойыны:**<br>«Өткеншек»<br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Орман соқпағымен »**<br>Шеңбер құру, шеңбер бойы жүру және жүгіруді жаттықтыру. Қос аяғымен бір мезгілде екпінмен серпіліс жасай білу дағдыларын бекіту. Жаттығулар орындау кезінде тынысты тоқтатпау дағдыларын қалыптастыру. Музыка ырғағына сәйкес қимылды жай шапшан, ырғақты орындау қаблетін дамыту. | **Сөйлеуді дамыту.**<br>**Тақырыбы:** «Ғажайып дорба»(ойыншықтарды сипаттау)<br>**Мақсаты:** Ойыншықтар туралы әңгіме құрастыруға, ойыншықтардың атарын атай білуге, оларды сипаттап айтуға үйрету.Дыбыстарды анық, дұрыс айтуға жаттықтыру. Ойыншықтарды күтіп, ұқыпты ұстауға тәрбиелеу.<br><br>**Орыс тілі**<br>**Тема: «Правила безопасности дома и на улицей**<br>Обогатить словарный запас детей новыми словами,упражнять в умении отвечать на вопросы «Это что?». учить мыть руки перед едой, нетрогать лекарства, неиграть на болконе, соблюдать правила движения на улице. | **Математика негіздері №3**<br>**Мақсаты:** Балаларды геометриялық шеңбер фигурасымен таныстыру. Көру және түйсіну қимылдауға қатысты зерттеу тәсілдерін үйрету. Ойын арқылы логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, жалпы және ұсақ қол қимылдарын жаттықтыру.<br>**Жаратылыстану**.<br>**Тақырыбы:**«Ойыншықтар неден жасалады?»(Ғажайып қап) дидактикалық ойын.<br>**Мақсаты:** Балаларға заттардың бірі адамдардың қолымен, бірітабиғаттың күшімен жасалғанын түсіндіру.Қарапайым тәжірибелік-зерттеу жүргізе білу қабілеттерін қалыптастыру. Зерттеушілік мінез-құлық, қоршаған ортадағы заттарға күтім жасау дағдысын қалыптастыру. | **Сурет салу.**<br>**Тақырыбы:** «Сылдырмақ» (саусақпен, қылқаламмен)<br>**Мақсаты:** Балалардың ойыншықтар жайлы түсініктерін кеңейту. Сылдырмақ жайында әңгімелету, Суретін сала білуге үйрету.Қылқаламмен, саусақпен сурет салу машықтарынабейімдеу. Ұсақ қол моторикасын дамыту. Ұқыптылыққа, тазалыққа тәриелеу.<br><br>**Музыка**<br>**1** Ойыншықтардың зат екенін балаларға түсіндіру. Әнді тыңдату, қабылдау,есте сақтау.<br>**2** .Музыкалық жанрды ажырата білуге үйрету: ойыншықтарды күтіп ұстауға,әнді көңілді айта білуге дағдыландыру<br>Ән тыңдау: «Кір қуыршақ»(И Нүсіпбаев .ЖҚамқынов)<br><br>Ән салу: «Ойыншықтар әні» (И Әлімқұлов).<br>Муз ырғақты қимыл: «Қазақ биі»<br><br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:** «Доп»<br>**Мақсаты:**мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін пайдаланаотырып, допты мүсіндеуді үйрету. Саусақ моторикасын жетілдіру. Балаларды қызығушылыққа тәрбиелеу. | **Қоршаған ортамен танысу.**<br>**Тақырыбы:** «Ойыншықтар әлемі»<br>**Мақсаты:** ойыншықтарды дұрыс танып атай білуге үйретуді жалғастыру.Ойыншықтардың неден жасалатынымен таныстыру.<br>ойыншықты күтіп ұстауға тәрбиелеу. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **Қимыл- қозғалыс ойыны: «Күн мен жаңбыр»** | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| IV | «Жиһаздар» | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: « Көкөністер»**<br>Тапсырмаларды орындай жүрып бір қатармен жүру мен жүгіруді және секірген соң жерге аяқты сәл бүгіп түсуді үйрету;салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу; допты бір-біріне домалату дағдыларын жетілдіру.<br>**Қимыл- қозғалыс ойыны:** «Шеңбердегі доп»<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:« «Сандықтағы сыйлық »**<br>Шағын алаңдап жүру кезінде тепе -тендікті сақтауға үйрету; салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу; жүру мен жүгіруді алмастыру, екі сызықтың арасымен жүру мен жүру, алға жылжи отырып, екі аяқпен секір дағдыларын дамыту,қозғалыс дағдыларын жетілдіру.<br>**Қимыл- қозғалыс ойыны:** «Ойыншықты әкел».<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:« Егін жинаймыз»**<br>Еңбектеу кезінде қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіре білуге; көтеріңкі( зат үстінде ) тіреуде тепе- тендікті сақтауды; заттарды сол және оң жағынан айналып өтуін бекіту.Берілген белгіге көңіл аудару,қимыл қозғалысты белгі бойынша орындау қабілеттерін жетілдіру. Достық қарым- қатынасқа тәрбиелеу.<br>**Қимыл- қозғалыс ойыны:** «Көліктер» | **Сөйлеуді дамыту.**<br>**Тақырыбы:** «Жиһаздар»<br>**Мақсаты:**жиһаздармен таныстыру. Жиһаздарды танып атай білуге үйрету. Балалардың сөздік қорларын жиһаздардың атауларымен толықтыру. Дыбысты анық айтуға жаттықтыру.Балаларды қызығушылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Көркем әдебиет.**<br>**Тақырыбы:**«Біздің балабақшада»<br>**Мақсаты:** Қоршаған ортаның жан-жақтылығы жайлы түсініктерін көркем туындылар арқылы кеңейту.<br>Мнемотаблицаның көмегімен өлеңді жаттату.<br>Мәнерлеп айтуға талпындыру.<br>Жиһаздарды, балабақшадағы заттарды күтіп ұстауға тәрбиелеу. | **Математика негіздері №4.**<br>**Мақсаты:**Бақылау, айналадағы ортадан дөңгелек пішіндерді табу дағдысын дамыту.Заттарды пішіні, мөлшері, түсі бойынша топтастыру машығын дамытуға көмектесу.<br><br>**Жаратылыстану**.<br>**Тақырыбы:** «Жиһаздар неден жасалады?».<br>**Мақсаты:** балаларды адамзат өзіне керектінің бәрін табиғаттан алатыны туралы түсінік беру.<br>Жиһаздардың көбіне ағаштан жасалатынымен таныстыру.<br>Табиғатты қорғауға тәрбиелеу.<br>**Құрастыру.**<br>**Тақырыбы:**«Орындық»<br>**Мақсаты:** балаларды текше және кірпіш құрылыс материалдарынан орындық құрастыруды үйрету.. Құрастыру машығын дамыту. Шыдамдылық пен ыждағаттылыққа тәрбиелеу. | **Сурет салу.**<br>**Тақырыбы:** «Шкаф»(карандаш)<br>**Мақсаты:** балалардың апта тақырыбы туралы білімдерін жетілдіру.Шаршы пішінді сала отырып шкафтың суретін салуды үйрету.<br>Карандашпен сурет салу машықтарын дамыту. Ұқыпты бояуға дағдыландыру. Қызығушылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Музыка.**<br><br>1 Әнді тыңдап, сезіне білуге, ән мазмұнына әңгімелеп айтуға дағдыландыру, дыбыс биіктігі, туралы ұғымын қалыптастыру. Балаларға үлкендердің еңбегі туралы әңгімелеу, оларға көмек көрсетуге, үлкендердің еңбегін бағалауға үйрету<br><br>Ән тыңдау: «Балабақша» (Қ Мырза Әлі Д Ботбаев)<br>Ән салу:«Болайықшы осындай» (А .Меңжанова)<br>.<br>Музыкалық қимыл – қозғалыс:<br><br>Би: «Кел билейік»<br><br>«Сылдыр-<br>мақ пен ойын»<br><br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:** «Доп»<br>**Мақсаты:**мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін пайдаланаотырып, допты мүсіндеуді үйрету. Саусақ моторикасын жетілдіру. Балаларды қызығушылыққа тәрбиелеу. | |

**ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР**

**Өтпелі тақырып «Менің отбасым»**

**Ортаңғы тобы 2021-2022 оқу жылы қазан айы**

**Мақсаты:** Балаларға отбасы және отбасы мүшелері туралы, туыстық атаулар (ана,әке, ата, әже,әпке,аға т.б) туралы,отбасы мүшелерінің міндеттері туралы түсінік беру.Өз жанұясы туралы әңгімелеуге үйрету.Күз мезгілінің неліктен жомарт күз аталу себебімен, отбасы мүшелерінің күзгі еңбегімен таныстыру. Ойын арқылы есте сақтау қабілетін, қарым қатынас дағдыларын дамыту. Сөйлем құрап айтуға, дыбыстарды анық, таза жеткізе білуге дағдыландыру. Отбасында үлкендерді сыйлап, кішіге қамқор болу ,әдептілік қағидаларды сақтай білуге,жағымды қарым-қатынасқа және үйде, көшеде қауіпсіздік ережелерін сақтауғатәрбиелеу. табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

| **Апта** | **Апта тақырыбы** | **«Денсаулық»-3**<br><br>Дене шынықтыру-3 | **Қатынас-2**<br>Сөйлеуді дамыту-1<br>Көркем әдебиет -0,5<br>Орыс тілі-0,5 | **Таным- 2,5**<br>Математика негіздері-1<br>Құрастыру-0,5<br>Жаратылыстану-1 | **Шығармашылық- 3**<br>Сурет салу-1,<br>Мүсіндеу-0,25<br>Жапсыру-0,25<br>Музыка – 1,5 | **Әлеумет-0,5**<br><br>Қоршаған ортамен танысу-0,5 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **I** | **«Менің отбасым, ата-аналар еңбегі»** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:« Біз дене шынықтыруды жақсы көреміз»Мақсаты:**Отбасы мүшелерін санай отырып,саптізбекте саналуға үйрету. тура бағытта төрттағандап еңбектеуді үйрету.Қос аяқпен секіру.аяқ бірге аяқ алшақ үйрету. Саптізбекке бір- бірден тұру; секіру Аяқ бірге- аяқ алшақ қимылдарын бекіту. Тоқтап және тапсырманы орындай жүгіру.<br>**Қ/о:«Торғайлар мен мысықтар».**<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:« Жаттығамыз-шынығамыз»**<br>**Мақсаты**:Отбасының татулығы туралы әңгімелету арқылы түсініктерін кеңейту. Балаларды шағын топпен жүруге және жүгіруге үйрету; салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу; екі аяқпен бір орында тұрып секіру дағдыларын, ұсақ қол қимылдарын жетілдіру.<br>**Қ/о:«Тауықтар бақшада»**<br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:«Тәні саудың жаны сау»** | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:**<br>«Отбасы» сурет бойынша әңгімелеу<br>**Мақсаты:**Балаларға отбасы және отбасы мүшелері туралы түсінік беру. Сурет арқылы туыстық атаулармен таныстыру. Отбасында үлкендерді сыйлап,кішілерге қамқор болу сияқты әдептілік қағидаларын сақтай білуге тәрбиелеу.<br><br>**Орыс тілі**<br>**Тема: «Моя семья, труд родителей»**<br>Расширать словарный запас детей, учить называть на русском языке членов семьи, применять обобщающее слово «семья». Развивать устойчивость внимания, воображение, совершенствовать произношение гласных звуков: я, у, ы, е, э. Воспитывать уважение к старшим и заботливое отношение к членам семьи. | **Математика негіздері №5**<br>**Мақсаты:**Фигураларды шамасына қарай салыстыру. Бір – біріне беттестіру арқылы фигураларды салыстыру, үлкен, кіші немесе бірдей сөздерін пайдаланды үйрету. Зейінін, есте сақтау қабілетін, қолдың ұсақ маторикасын дамыту. Танып білуге ынталы болуға, белсенділікке тәрбиелеу.<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:**«Менің мекенім-менің -жанұям»<br>**Мақсаты:**балаларға туыстық қатынасы жақын адамдар бір үйде тұратыны, олардың бірін бірі қатты жақсы көретіні туралы түсінікті жануарлармен салыстыра отырып түсіндіру. Ойлауын дамыту. Отбасын сүюге, құрметтеуге, қамқор болуға тәрбиелеу. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:** «Әжемнің орамалын әшекейлейміз»(саусақпен)<br>**Мақсаты:**балаларды саусақпен сурет салуды үйретуді жалғастыру (қағаз бетін дұрыс бағдарлай отырып, жиегіне салу) Сурет салу қабілеттерін дамытуды жалғастыру.Отбасындағы әженің орны, оны сыйлауға тәрбиелеу.<br><br>**Музыка**<br><br>**1** Музыка әуенін тыңдап, әнді таза, түсінікті, көңілді айтуға, музыка бөліктерінің өзгеруіне қимылмен жауап беруге үйрету<br>**2**Отбасы мүшелері туралы түсініктерін қалыптастыру,бір үйде тұратын адамдарды отбасы екенін түсіндіру.<br><br>Ән тыңдау:«Бесік жыры» (халық әні)<br>Ж. Тұрсынбаев<br>Ән салу: «Екеуміз әйбат баламыз»<br>Қ. Қуатбаев<br>Ырғақтық қимыл: «Айгөлек» халық әуені.<br>«Дос-<br>тастық» | **Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы:**«Менің отбасым» (әңгімелеу)<br>**Мақсаты:**Әрбір баланың өз жақын адамдары, отбасы болатындығы жайлы түсінік беру. Ата – аналарының аттарын атап айтуға үйрету. Туыстарын атай отырып, олардың отбасындағы рөлдері, қызметтері туралы әңгімелеу. Сөйлем құрай білу дағдыларын арттыру. Достық қарым – қатынасқа тәрбиелеу. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **Мақсаты:**Отбасының татулығы туралы әңгімелету арқылы түсініктерін кеңейту. Балаларды шағын топпен жүруге және жүгіруге үйрету; салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу; екі аяқпен бір орында тұрып секіру дағдыларын, ұсақ қол қимылдарын жетілдіру.<br><br>**Қ/о:«Мысық пен тышқандар»** | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| II | «Менің көшем» | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:« Біз дене шынықтыруды жақсы көреміз»Мақсаты**:Отбасы мүшелерін санай отырып,саптізбекте саналуға үйрету. тура бағытта төрттағандап еңбектеуді үйрету.Қос аяқпен секіру.аяқ бірге аяқ алшақ үйрету. Саптізбекке бір- бірден тұру; секіру Аяқ бірге- аяқ алшақ қимылдарын бекіту. Тоқтап және тапсырманы орындай жүгіру.<br>**Қ/о:«Торғайлар мен мысықтар».**<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:« Жаттығамыз- шынығамыз»**<br>**Мақсаты:**Отбасының татулығы туралы әңгімелету арқылы түсініктерін кеңейту. Балаларды шағын топпен жүруге және жүгіруге үйрету; салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу; екі аяқпен бір орында тұрып секіру дағдыларын, ұсақ қол қимылдарын жетілдіру.<br>**Қ/о:«Тауықтар бақшада»**<br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:«Тәні саудың жаны сау»**<br>**Мақсаты**:Отбасының татулығы туралы әңгімелету арқылы түсініктерін кеңейту. Балаларды шағын топпен жүруге және жүгіруге үйрету; салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу; екі аяқпен бір орында тұрып секіру дағдыларын, ұсақ қол қимылдарын жетілдіру.<br><br>**Қ/о:««Мысық пен тышқандар»** | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы**: «Мен көшемен келемін»(сурет бойынша әңгімелеу)**Мақсаты:** балаларға өзі тұратын үй, көшесі, мекен-жайы туралы білім беру, жолда жүру ережелері туралы түсінік беру.Көше қиылысы,бағдаршам, жол белгілері , қоғамдық көліктегі тәртіп ережелері туралы түсіндіру. Есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Баланы зейінді,епті болуға. Жолда жүру ережесін сақтауға тәрбиелеу тәрбиелеу.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:**Ә. Табылдиев «Бағдаршам» (өлең жаттау)<br>**Мақсаты:** балаларды жол ережелерімен таныстыруды жалғастыру. Бағдаршам туралы түсініктерін жетілдіру.Зейінін, есте сақтау, түсті айыра білу қабілеттерін дамыту. Сөздерді анық айтуға дағдыландыру. Көшеде жүру ережесін білу арқылы жолда жүру мәдениетін үйретіп, сақтыққа тәрбиелеу . | **Математика негіздері**<br>**№ 6**<br>**Мақсаты**: Шеңбер геометриялық пішіні туралы түсінік беру. Шеңберлерді шамасына қарай салыстыру машығын дамыту.<br>Зейінін, есте сақтау қабілетін, қолдың ұсақ маторикасын дамыту. Танып білуге ынталы болуға, белсенділікке тәрбиелеу. Белсенділікке тәрбиелеу.<br><br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы:** «Менің көшемдегі үйлер»<br>**Мақсаты:** балаларды шаршы және үшбұрыш пішіндерді құрастыра отырып пішіндерді қолдана отырып,бағдаршам құрастыруды үйрету.Түстерді ретімен орналастыра білуін қадағалау. Жұмыс барысында бір - біріне кедергі жасамауға, бастаған істерін тиянақты аяқтауға тәрбиелеу<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:** «Мекендерін тап!»<br>**Мақсаты:** балаларға табиғаттағы әрбір тіршілік иелерінің паналайтын өз мекені болатын туралы түсінік беру.Адамның мекені- өз үйі екенімен таныстыру. Үй ішіндегі адамдар- «отбасы», «жанұя» деп аталатынын үйрету. Отбасын жақсы көруге тәрбиелеу. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:** «Мен тұратын үй»<br>**(**қарындашпен**)**<br>**Мақсаты:** Балаларға үшбұрыш, шаршы пішіндерді салу арқылы жолды бейнелеуді үйрету. Сурет салуға қызығушылықтарын арттыру. Қарындашты оң қолдарына, үш саусақпен ұстап сурет салуға жаттықтыру, саусақтың ұсақ бұлшық еттеріндамыту. Ұқыптылыққа, әдемілікке тәрбиелеу. Бір – біріне кедергі жасамай сурет салуды үйрету.<br><br>**Музыка**<br>1Музыканы тыңдап, жуан жіңішке дыбыстарды ажырату. Әнді мәнерлеп таза көңілді айтуға үйрету, балаларға жолда жүру ережелерін түсіндіру, әуенге сай қимылдар жасап үйрену.<br>Ән тыңдау«Анашым»<br>Дауыс жаттығуы<br>Ән айту: «Апам үшін» (С. Қалиев)<br>Музыкалық – ырғақты қимыл: «Қамажай» би қимылдары<br><br>«Пойыз» ойын<br>**Жапсыру**<br>**Тақырыбы**«Біздің үй»<br>**Мақсаты:** Балаларға геометриялық пішін үшбұрышпен төртбұрыштан | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | композиция құрастыра білуге үйрету. Ақ парақшаға алдымен төртбұрышты, содан соң үшбұрышты жапсырып, үй жасауға үйрету. Түстерді ажырата білуге дағдыландыру. Қызығушылықтарын арттырып, сөздік қорын молайту. Сұлулыққа,ұқыптылыққа тәрбиелеу. | |
| **III** | **« Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік»** | **1.Дене шынықтыру** **Тақырыбы:«Мен спортсменмін»** **Мақсаты:**Нұсқаушының белгісі бойынша тоқтап, жүруге және жүгіруге үйрету. Лақтыру күшін және көзбен мөлшерлей білуді дамыту.Көлденең тұрған нысанаға қапшықтарды лақтыруға жаттықтыру; заттар арасында еңбектеп жүруге жаттықтыру. **Қ/о:«Мысық пен торғайлар»** <br><br> **2.Дене шынықтыру** **Тақырыбы:« Аяқты нық басайық, жаттығуды жасайық»** **Мақсаы:**Гимнастикалық орындық немесе бөрене үстінде еңбектеп жүруге және шеңбер бойымен жүгіругежаттықтыру; | **Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы: «**Балақан» өлеңі (Жатқа айту) **Мақсаты**:балалардың отбасы туралы білімдерін жетілдіру.Есте сақтау қабілеттерін дамыту.Сөзді жай, орташа, қатты айтқыза, сол сөзді жіңішке, жуан дауыспен айтқыза отырып дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.Өлеңді өз беттерінше айтуға тәрбиелеу. <br><br> **Орыс тілі** **Тема:«Моя семья»** <br><br> Правила безопасности дома и на улице <br> Правила безопасности дома и на улице | **Математика негіздері №7** **Мақсаты:**1 және 2, 2 және 2 сандарын салыстыру. Екіге дейін санау дағдысын дамыту. Топтағы әрбір элементті жұп – жұбымен салыстыру жолымен және екі топтағы заттарды саны бойынша салыстыруға үйрету. Қанша? Неше? Сұрақтарына жауап беруге үйрету. Есте сақсау, ойлау қабілеттерін арттыру. Белсенділікке тәрбиелеу. <br><br> **Жаратылыстану** **Тақырыбы:**«От бізге дос па, қас па?» **Мақсаты:** Оттың пайдасы мен зияны туралы білім беру.Үйде болғанда, оңаша қалғандағы қауіпсіздік ережелерімен таныстыру. Қауіпсіздік ережесін сақтауға тәрбиелеу | **Сурет салу** **Тақырыбы:** «Бағдаршам»**Мақсаты:**балаларды бағдаршамның адам өмірі үшін маңызы туралы түсінік беру, атқаратын қызметімен таныстыру.Саусақпен сурет салу тәсілін қолдана отырып бағдаршамның суретін салуды үйрету. Жол ережесін сақтауға тәрбиелеу. <br><br> **Музыка** <br><br> **1**Балаларға отбасы туралы әңгімелеу,музыкалық шығарманы тыңдау, есте сақтау ажырата білуге үйрету музыка ырғағына | **Қоршаған ортамен танысу** **Тақырыбы:**«Мен үйдемін.Үйдегі қауіпсіздік ережелері» **Мақсаты:** Балаларға үйдегі қауіпсіздік ережелері туралы білім беру. ""Үйде жалғыз қалғанда......" ойыны арқылы қауіпсіздік ережелері туралы білімдерін жетілдіру. Өз қауіпсіздіктері мен денсаулықтарына мән бере қарауға тәрбиелеу. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | негізгі қасиеттерді - шапшаңдықты ептілікті дамыту.<br>**Қ/о:«Қақпаға түсір»**<br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:« Біз шыныққан баламыз»**<br>**Мақсаты:**Балаларға спорттық ойындар туралы түсініктерін қалыптастыру. Тепе-теңдікті сақтап жүгіруге үйрету.Жылдамдық және ептіліктерін дамыту<br>**Қ/о:«Шеңберге түсір»** | | | сай би қимылдарын жасап үйрену.<br>**2**Әнді көңілді таза айтуға үйрету. Би элементтерін музыканың бояуымен сезініп жасау<br>Ән тыңдау: «Бағдаршам»(Е Хасанғалиев)<br>Дауыс жаттығуы: «Жоғары - төмен»<br>Ән айту: «Анашым»( Д Ботбаев)<br>Музыкалық – ырғақты қимыл: «Қуыршақ» би қимылдары<br>«Өз үйіңді тап» | |
| **IV** | **« Берекелі Алтын күз »** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:«Әжемнің бақшасына»**<br>**Мақсаты:**Балалардың күз мезгілі туралы түсініктерін молайту. Еңбектеу тепе тендікті сақтауды; заттарды сол және оң жағына айналып өтуін бекіту. Берілген белгіге көңіл аудару, қимыл қозғалысты белгі бойынша орындау қабілеттерін дамыту.<br>**Қ/о: «Шеңбердегі доп»**<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:«Күз не сыйлады?»**<br>**Мақсаты:**Саяхат арқылы табиғат әлемінің байлығын меңгерту. Допты қақпа арқылы домалатуды үйрету. Еңбектеу кезінде қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіре | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** «Күз келді» (сурет бойынша әңгіме)<br>**Мақсаты:**балалардың күз мезгілі туралы түсінігін кеңейту, күздің ерекшеліктері туралы әңгімелеу. Суреттер бойынша әңгіме құрастыру арқылы балалардың тіл байлығын дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:**<br>« Жапырақтың күзгі серуені» (өлеңді оқу ) | **Математика негіздері №8**<br>**Мақсаты:**Уақытты бағдарлау Тәулік бөліктерін:таңертең, күндіз, кеш, түн тануға және атауға үйрету. Осы сөздерді сөйлеу барысында қолдану.Дидактикалық ойындар арқылы ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Зейін қойып тыңдауға тәрбиелеу.<br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы :** «Түрлі-түсті жапырақтар»<br>**Мақсаты:**Қима суреттерден жапырақ құрастыруды үйрету. Балаларды қағазбен жұмысжасауға дағдыландыру, саусақ бұлшық еттерін дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншілікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:** « Жомарт күз» (сурет бойынша әңгіме) | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:**<br>«Күзгіағаштағы жапырақтар»<br>**Мақсаты: :** балаларды күздегі табиғат көрінісімен таныстыру.<br>Күзгі ағаштағы жапырақтардың суретін салуды үйрету.<br>Ой-қиялын дамыту.<br>Күзгі табиғатты сүюге тәрбиелеу<br><br>**Музыка**<br>1 Музыканың динамикалық түрлерін ажырату, әр түрлі | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | білуге; тепе- теңдікті сақтауды; заттарды сол және оң жағынан айналып өтуін бекіту. Берілген белгіге көңіл аудару, қимыл-қозғалысты белгі бойынша орындау қабілеттерін жетілдіру. Достық қарым- қатынасқа тәрбиелеу.<br>**Қ/о: «Қоймадағы тышқандар**<br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:« Көкөністер»**<br>**Мақсаты:**Қос аяғымен бір мезгілде екпінмен серпіліс жасай білу дағдыларын бекіту. Допты домалату. Жаттығулар орындау кезінде тынысты тоқтатпау дағдыларын қалыптастыру. Музыка ырғағына сәйкес қимылды жай, шапшаң, ырғақты орындау қабілетін дамыту.<br>**Қ/о: «Үш аю»** | **Мақсаты:**Күзгі табиғат жөніндегі түсініктерін кеңейту. Табиғат әсемдігін көре білуге,әңгімелеуге баулу, сөздік қорларын молайту. Сұраққа толық жауап беруге дағдыландыру.<br>Табиғатты қорғауға тәрбиелеу | **Мақсаты:**балаларға адамдарға табиғаттың берер сыйы мол екені туралы түсінік беру. Күз құбылыстарының ерекшеліктері туралы әңгімелеу. Табиғат аясындағы өзгерістерді үйрету.Балалардың ойлау,есте сақтау қабілеттерін дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту. | жанрлар түсініктерімен танысу.<br>Әнді көңілді таза сөздерін анық айтуға,Күз мезгілінің ерекшеліктері мен таныстыру<br>Музыка тыңдау: «Алтын күз»(Қ Шілдеваев)<br>Ән салу:«Жау –Жау жаңбыр» (М Сариев)<br>Музыкалық қимыл – қозғалыс: «Жапырақтар мен би»<br>«Жаңбыр әуені»<br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:**<br>«Бағдаршам»<br>**Мақсаты:**<br>балалардың бағдаршам туралы білімдерін жетілдіру.<br>Алдымен алақан арасына салып домалақтау, содан кейін басып жаншу тәсілі арқылы бағдаршамды мүсіндеуді үйрету.Балаларды қызығушылыққа және бағдаршамға қарап, жол ережесін сақтауға тәрбиелеу. | |

**ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР**
**Өтпелі тақырып: «Дені саудың жаны сау»**
**Ортаңғы тобы 2021-2022 оқу жыл қараша айы**

**Мақсаты:** адамның дене мүшелерімен таныстыру, балаларды салауатты өмір сүруге тәрбиелеу; дұрыс тамақтану дағдыларын қалыптастыру. Көкөністер мен жемістердің адам ағзасына пайдасы туралы түсіндіру, дене жаттығуларын дұрыс орындауға деген ынталарын тәрбиелеу. Логикалық ойларын дамыту; адам да табиғаттың бір бөлшегі екені туралы, табиғатсыз тіршілік болмайтынын түсіндіре отырып, өз ағзаларын күтуге тәрбиелеу.

| **Апта** | **Апта тақырыбы** | **Денсаулық-3**<br>Дене шынықтыру-3 | **Қатынас-2**<br>Сөйлеуді дамыту-1<br>Орыс тілі-0,5<br>Көркем әдебиет -0,5 | **Таным- 2,5**<br>Математика негіздері-1<br>Жаратылыстану-1<br>Құрастыру-0,5 | **Шығармашылық-3**<br>Сурет салу-1<br>Музыка-1,5<br>Жапсыру-0,25<br>Мүсіндеу-0,25 | **Әлеумет-0,5**<br>Қоршаған ортамен танысу-0,5 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **I** | **«Өзім туралы»** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:«Спорттық киім»**<br>**Мақсаты:**Алақан мен тізеге тіреліп, төрттағандап еңбектеп, модуль арқылы аунап өтуді үйрету. Аяқты- аяққа тақай қойып, алға жылжи жүру дағдыларын бекіту. Музыка ырғағына сәйкес өз қимылын - қимылды үйлесімді, жеңіл жүгіру дағдыларын, иық пен аяқтың бұлшықеттерін дамыту.<br>**Қ/о: «Саңырауқұлақтар тереміз**<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:«Түлкімен бірге ойнаймыз»**<br>**Мақсаты:**Балаларға жануарлар туралы түсінік беру. Бір орында тұрып ұзындыққа секіруді үйрету. Аяқ пен қол қимылын үйлестіре, серпіле екпінмен секіруді бекіту. Музыкаға сәйкес өздігінен бейнелі қимылдар орындау қабілеттері. Бұлшықеттер мен қол- аяқтың үйлесімді қимылын дамыту.<br>**Қ/о: «Кім бірінші»**<br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:«Олимпиада»** | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** «Менің дене мүшелерім»(әңгімелеу)<br>**Мақсаты:**Балалардың дене мүшелері туралы түсініктерін қалыптастыру.Адамның дене мүшелерімен таныстыру; дыбыстарды дұрыс айта білуге жаттықтыру. Дене мүшелерінің қандай қызмет атқаратындығы туралы білімдерін кеңейту. Ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br><br>**Орыс тілі**.<br>**Тема:Кто я?**<br>Пополнять словарный запас детей словами, обозначающими половые различия (мальчик, девочка) Учить применять слова, характеризующие настроение (веселый, грустный,добрый, злой)Формировать умение составлять простые предложения Воспитывать доброжелательные отношения друг к другу. | **Математика негіздері №9.**<br>**Мақсаты:**<br>Балаларды ұшбұрыш геометриялық фигурасымен таныстыру. Көру және түйсіну қимылдау тәсілдері бойынша зерттеуге үйретуді жалғастыру. Танымдылық қызығушылығын арттыру және есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br><br>**Жаратылыстану**.<br>**Тақырыбы:**«Табиғатты бақылауға саған нелер көмектеседі?»<br>**Мақсаты:**<br>Адам-табиғаттың ажырамасы бір бөлігі екендігі туралы түсініктерін қалыптастыру. Адамның сезім мүшелерінің табиғаттың танып білудегі ролі туралы түсінік беру. Балалардың тілін дамыту, қиялдарын байыту. Балалардың ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Денсаулығын сақтауға деген ниеттерін арттыру | **Сурет салу.**<br>**Тақырыбы:** «Қияр»(**гуашь**).<br>**Мақсаты:** балаларға адам денсаулығы үшін көкөністердің пайдасы туралы жалпы түсінік бере отырып, тұтас қағаз парағына қылқаламмен сопақша пішінді сала білуге үйрету. Бейнелеу біліктері мен дағдыларын қалыптастыру.Шығармашылық ойлау мен қиялдауын дамыту. Ұқыптылық пен тазалыққа тәрбиелеу.<br><br>**Музыка**.<br><br>**1** Табиғат туралы жалпы түсінік беру; табиғат туралы ұғымдарын кеңейту. Табиғаттың сұлулығын сезіне білуге, оған деген саналы көзқарасты қалыптастырып, қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу<br>**2.**Ән салуға, билеуге, ойнауға қызығушылығын дамыту. Меңгерген дағдыларын бекіту<br><br>Ән тыңдау:«Жаңбыр»<br>Д. Ботбаев.<br>Дауыс жаттығуы:«Жаңбыр»<br>Ән салу:«Күз әні» | **Қоршаған ортамен таныстыру.**<br>**Тақырыбы:** «Адамдардың бау-бақшадағы еңбегі»<br>Мақсаты:адамдардың бау-бақшадағы еңбегі туралы балалардың білімін кеңейту. Сөздік қорларын дамыту. Адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **Мақсаты**:Бір қатармен жүру мен жүгіруге үйрету, бір- біріне өзара көмектесуге тәрбиелеу., баспалдақпен жүру дағдыларын дамыту. Денелерін түзу ұстап, тақтай бойымен жүруге жаттықтыру.<br>**Қ/о: «Шеңбердегі доп»** | | | (Д. Ботбаев.)<br>Би:«Күзгі жапырақтар биі»<br>Д/о: «Түрлі түсті жапырақтар» | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **II** | **«Дұрыс тамақтану. Дәрумендер»** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:«Достық шеңбері»**<br>**Мақсаты:**Гимнастикалық қабырғаның екінші көлденең салмасына бекітілген көлбеу тақтай бойымен еңбектеуді үйрету. Нұсқаушының лақтырған добын қағып алу және кері лақтыруды және допты саусақтарды еркін ұстап, алақанмен қағып алуын бекіту. Музыка ырғағына сәйкес қимыл жасауын, қол басының икемділігін дамыту. Балалардың Отанға деген сүйіспеншілікке баулу<br>**Қ/о: «Көпірден еңбектеп өту»**<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:«Құстар бізде қонақта»**<br>**Мақсаты:**Саяхат арқылы құстар туралы түсініктерін меңгерту. Жұппен жүру мен жүгіруді үйрету; құстарға сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу; тақтай үстімен жүруде, секіруде, алға жылжуда тепе - теңдікті сақтау дағдыларын дамыту.<br>**Қ/о: «Не істелді?»**<br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:«Ауладағы құстар»**<br>**Мақсаты**:Құстар туралы түсініктерін бекіту. Балаларға бір бірден сапта жүруді , секірген кезде аяқтарын сәл бүгіп түсуді үйрету;ұжымда тату ойнай білуге тәрбиелеу; сапта бір бірден жүру , | **Сөйлеуді дамыту.**<br>**Тақырыбы:** «Жемістер мен көкөністер» (сипаттау бойынша әңгіме құрастыру)<br>**Мақсаты:**Жемістермен, көкөністермен таныстыру. Олардың өзіне тән сипаттарын ойын арқылы ажырата білуге үйрету. Балалардың сөйлеу тілін заттардың қасиеті мен сапасын білдіретін сөздермен байыту.<br><br>**Көркем әдебиет**.<br>**Тақырыбы:** Е. Елубаев «Апорт»<br>( өлең жаттаймыз).<br>**Мақсаты:** Өлеңді мәнерлеп жаттауға үйрету. Алманың апорт түрімен таныстыру. Жемістің басқа түрлерімен танысуға құштарлықтарын арттыру. | **Математика негіздері №10.**<br>**Мақсаты:** Геометриялық шеңбер фигура туралы түсінікті бекіту. Үш саны мөлшерінде санау машығын дамыту. Танымдылық қызығушылығын арттыру және есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br><br>**Жаратылыстану**.<br>**Тақырыбы:** «Сенің өмір сүруіңе нелер қажет?»<br>**Мақсаты:** .балалардың адам өмір сүру үшін қажетті заттар туралы түсініктерін қалыптастыру. Адам тіршілігі мен жануарлар тіршілігіне қажеттілерді ( қорегі) тапқыза отырып, салыстыра, талдай білуге үйрету. Дұрыс тамақтанудың маңызын түсіндіру.Білімдерін жетілдіру. Дұрыс, дәрumendі тамақты жеуге тәрбиелеу.<br><br>**Құрастыру.**<br>**Тақырыбы:** «Жемістер»(қима суреттерден)<br>**Мақсаты:** Балаларды қима суреттермен таныстыру, түстерін сұрау. Ойлау қабілеттерін дамыту. Қолдың ұсақ қимылдарын дамыту. Ұқыптылыққа, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге тәрбиелеу. | **Сурет салу.**<br>**Тақырыбы:**<br>«Алма»(қарандаш).<br>**Мақсаты:** Балалардың жемістер пішініне назарларын аудара отырып, дөңгелек және сопақша заттарды салуға үйрету. Қарындашты үш саусақпен ұстауға үйретуді жалғастыру. Білуге құштарлыққа тәрбиелеу, ойлау қабілеттерін дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Музыка**<br>1Күз жемістері мен көкөністер адам үшін маңыздылығын түсіндіру. Нанның бидайдан жасалатыны туралы түсінік беріп, нанды құрметтеуге тәрбиелеу.<br>Музыкаға әсерленуді байыту, дыбыс жоғарылығын, ырғақтық, темброк, динамикалық есту қабілетін дамыту<br>Ән тыңдау:«Күз»<br>Дауыс жаттығуы:«Баспалдақ»<br>Ән салу:«Күз жомарт» Ә.Бейсеуов.<br><br>Муз ырғақты қимыл:<br>Би «Жұптасу биі» | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | тапсырманы орындау, жерге аяқтарын сәл бүгіп түсіп дағдыларын дамыту , допты түзу бағытта домалату икемділіктерін жетілдіру.<br>**Қ/о: «Не қалай жүреді»** | | | **Жапсыру**<br>**Тақырыбы:** «Тәрелкедегі қияр мен қызанақтар»<br>**Мақсаты:** Көкөністер туралы білімдерін арттыру. Дайын үлгілерді кеңістікті бағдарлай орналастыру мен желімдеу дағдыларын қалыптастыру. Желімді қылқаламға ұқыпты жағуға және желімнің қалдықтарын жою үшін майлықты пайдалануға үйрету. | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **III** | **«Өзіңе және өзгелерге көмектес»** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**<br>**« Құтқарушылар»**<br>**Мақсаты:**Шеңбер бойымен жүру жүгіруді үйрету. Салауатты өмір салтын ұстауға тәрбиелеу, допты жерге ұрып, оны екі қолымен тосып алу дағдыларын дамыту, ұзындық орындық үстімен еңбектеуге жаттықтыру.<br>**Қ/о: «Не қалай жүреді ?»**<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:« Добым,добым домалақ, кетіп қалды домалап »**<br>**Мақсаты**:Шеңбер бойымен жүру жүгіруді үйрету; ұжымда бірге әрекет жасай білуге тәрбиелеу; допты бір- біріне домалату кезінде қатты серпу,түзу бағытта арқаны түзу ұстап, төрттағандап еңбектеу дағдыларын жетілдіру.<br>**Қ/о: «Көжектер»** | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы**: «Дене мүшелердің айтысы»<br>**Мақсаты:**<br>Адамның қимыл-әрекетін (аяқ жүреді, көз көреді,т.б.)білдіру. Тілдің дыбыстық мәдениетін тәрбиелеу,белсенді сөздік қорын дамыту,тілдің грамматикалық жағын қалыптастыру. Меңгерілген сөздермен сөйлем құратуға үйрету. Қ.Мырза Әли «Не үшін» өлеңін оқып түсіндіру. (хрестоматия -9 бет)<br><br>**Орыс тілі**.<br>**Тема: «Помоги себе и окружающим»**<br>Ввести в активный словарь детей новые слова. Развивать самоконтроль при выполнение правил и навыков личной гигиены. Учить детей следить за чистатой рук, ног, мыть их по мере загрезнения. Самостоятельно устранять непорядок в прическе,одежде. | **Математика негіздері №11.**<br>**Мақсаты:**Геометриялық шеңбер және үшбұрыш фигуралары туралы түсінікті бекіту. Көрсетілген фигуралардың түстері мен пішіндерді әртүрлі кемінде үш фигураны қайталауды үйрету.<br><br>**Жаратылыстану**.<br>**Тақырыбы:** «Көзді қалай күту керек».<br>**Мақсаты:** Балалардың дене мүшелері туралы түсініктерін қалыптастыру. Көзді күту ережелерімен таныстыру, витаминдердің адам ағзасына пайдасы туралы білуге үйрету. Өз денсаулығын сақтауға, дұрыс тамақтануға тәрбиелеу. | **Сурет салу.**<br>**Тақырыбы:** «Сәбіз» (трафарет)<br>**Мақсаты:**балаларға сәбіздің адам ағзасына пайдасы туралы мағұлмат беру, трафареттің көмегімен сәбіздің суретін салуды үйрету.Қол икемділіктерін арттыру. Сурет салуға қызығушылықтарын арттыру, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Музыка.**<br><br>**1**Өзі, жанұясы туралы әңгімелесуге үйрету; үйдегі қауіпсіздік ережелерінің негіздерімен таныстыру.<br>**2** .Ән айтуға, өлеңді бір мезгілде бастап, қатар аяқтауға, музыкалық фразалардың арасында дем алуға үйрету, .<br>Ән тыңдау:«Ақ мамам» Ә. Бейсеуов. Т.Молдағалиев | **Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы:**«Мен мейірімді, әдепті баламын» (сурет бойынша)<br>Мақсаты:балаларға сурет көрсете отырып, мейірімділік, әдептілік құндылықтарымен таныстыру. Жаман, жақсы қасиеттерді ажырата білуге үйрету. Зеінін, ойлау қабілеттерін дамыту. Өз заттарын, киімдерін жинап жүруге, бір-біріне көмектесуге тәрбиелеу. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **3.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:«Отырғыштар мен ойындар»**<br>**Мақсаты**:Балалардың заттар (ойыншықтар) туралы түсініктерін молайту. Допты екі қолмен кеуде тұсынан лақтыруды үйрету. Допты лақтырған соң қолды түзу ұстауды бекіту. Қимыл үйлесімділігін, саптізбекте өз орнын таба білу қабілеттерін дамыту<br>**Қ/о: «Бос орын»** | | | Дауыс жаттығуы:«Баспалдақ»<br>Ән айту:«Апам үшін» (Е. Ғизатов)<br>Муз ырғақты қимыл: «Қосарланып билеу» Г. Потапенко<br>Д/о:«Шаңырақ »<br>**Мүсіндеу.**<br>**Тақырып:** «Досыма арналған алма».<br>**Мақсаты:** алманың пайдасы туралы түсінік беру.Алақан арасына салып, домалату тәсілі арқылы алманы мүсіндеуді үйрету.Мүсіндеуде саусақ қимыл-қозғалыстарыныңептілігін қалыптастыру. Ұсақ қол моторикасын жетілдіру. | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **IV** | **«Біз күштіміз, ептіміз»** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:«Көңілді көжектер»**<br>**Мақсаты:**Бір қатармен жүру мен жүгіруге үйрету, бір- біріне өзара көмектесуге тәрбиелеу, баспалдақпен жүру дағдыларын дамыту. Денелерін түзу ұстап, тақтай бойымен жүруге жаттықтыру<br>**Қ/о: «Күнмен түн»**<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:«Пойызбен саяхатқа барамыз»**<br>**Мақсаты:**Қос аяқпен еденнен жігерлі серпілу заттардың үстінен секіруге үйрету.Қарқынды екпінмен жүгіруге жаттықтыру. Музыка ырғағына сәйкес бейнелі қимыл жасау; қол мен аяқ үйлесімді қимыл жасау, ептілік дағдыларын дамыту.<br>**Қ/о: «Саяхатқа барамыз»** | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** "Денсаулық және жеке гигиена" 30 б<br>**Мақсаты:** Көмекші сөздермен сөйлем құрауға үйрету. Тазалықты сақтауға қажетті заттар: тіс пастасы,тіс щеткасы, сабын, сусабын және жуыну, тарану сөздерін сөздік қорларына енгізу.Ойлау қабілетін дамыту.Өзденсаулығына қамқор болуға тәрбиелеу<br><br>**Көркем әдебиет.**<br>**Тақырып:** «Менің добым» (өлең оқу).<br>**Мақсаты:**балаларға денсаулықтың мықты болуының бір себебі спортпен шұғылдану екені туралы түсінікті қалыптастыру. Доппен | **Математика негіздері №12.**<br>**Мақсаты:**<br>Фигураларды шамаларына қарай салыстыруды үйрету. Геометриялық шеңбер және үшбұрыш фиуралары туралы түсінікі бекіту. Танымдылық қызығушылығын арттыру және есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:** «Денсаулыққа пайдалы және зиян заттар әдеттер және құбылыстар туралы.»<br>**Мақсаты:**.<br>балаларды денсаулыққа пайдалы және зиянды заттар , әдеттер, мен құбылыстармен таныстыру.<br>Өз ағзаларына кері әсер ететіндерді ажырата білуге үйрету. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:**«Секіргіш жіп»<br>**Мақсаты:**адамның дене құрылысы туралы білімдерін бекіту.Суретін салу техникасын меңгерту.<br>Сурет салуға деген қызығушылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Музыка.**<br>1Күз мезгілі туралы әңгімелеу әнді таза әдемі айтуға,.дауыс жаттығуын орындау арқылы балалардың дауыстарын қалыпқа келтіру.<br>Әнді тыңдап, әннің ырғағын айыру.Әуенге сай би қимылдарын жасап үйрену.<br>Ән тыңдау:«Жау Жау Жаңбыр» ( Ш .Сариев К Дүйсекеев)<br>Дауыс жаттығуы:«Баспалдақ»<br>Ән салу:«Жапырақтар әні» | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **3.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:«Қуыршақпен серуендейміз»**<br>**Мақсаты:**Допты еденге ұру және оны шынтақтап сәл бүгілген екі қолмен қағып алуды үйрету. Допты қағып алған соң кеудеге қыспай,қолмен еркін ұстауды бекіту. Жүру, жүгіру кезінде аяқты тырсылдатпай, жеңіл жүгіруге жаттықтыру.<br>**Қ/о: «Өз түсіңді тап»** | байланысты спорт түрлері туралы білім беру. Өлеңді мұқият тыңдауға, сезімталдықпен қабылдауға үйрету. Өлеңді мәнерлеп айтуға үйретуді жалғастыру. Спортқа деген қызығушылыққа тәрбиелеу. | Ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>Өз ағзасын қорғауға, шынықтыруға тәрбиелеу.<br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы:**«Жұлдызқұрт»<br>**Мақсаты:**. түстердің реттілігін сақтай отырып,түрлі –түсті дөңгелектерден жұлдызқұртты құрастыруды үйрету.Зейініін дамыту.<br>Ұқыптылыққа,ыждағаттылыққа тәрбиелеу. | Ә.Бейсеуов.<br>Би «Жұптасу биі»<br>Д/о: «Күн мен жаңбыр»<br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы**: Тамышлар<br>**Мақсаты**:Балаларға ермексазды есу арқылы ұзын жолақшадан үзіп су тамышыларын мүсіндеу. | |

**Перспективалық жоспар**

**Өтпелі тақырып «Менің Қазақстаным»**

**Ортаңғытобы. 2021-2022 оқу жылы желтоқсан айы**

**Мақсаты:** Балалардың Қазақстан Республикасы жайында жан-жақты түсінік беру. Мемлекеттік рәміздер туралы түсінік беру, нақтылау.Туған қаламен, бас қала Нұр-Сұлтанмен таныстыру. Өз Отанына деген патриоттық сезімдерін ояту. Туған жердің табиғаты және ата-баба кәсібі туралы түсінік беру. Сөздік қорларын, ой - өрісін дамытып, дұрыс сөйлеуге жаттықтыру. Өз Отанын сүйе білуге тәрбиелеу, қамқорлық сезімдерін ояту.

| **Апта** | **Апта тақырыбы** | **«Денсаулық»-3**<br><br>Дене шынықтыру-3 | **Қатынас-2**<br>Сөйлеуді дамыту-1<br>Көркем әдебиет -0,5<br>Орыс тілі-0,5 | **Таным- 2,5**<br>Математика негіздері-1<br>Құрастыру-0,5<br>Жаратылыстану-1 | **Шығармашылық- 3**<br>Сурет салу-1,<br>Мүсіндеу-0,25<br>Жапсыру-0,25<br>Музыка – 1,5 | **Әлеумет-0,5**<br>Қоршаған ортамен танысу-0,5 |
|---|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
